

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
ШЕШІМІ**

**Ақтөбе қаласы**

**№394 2019жылғы 1 наурыз**

**«Ақбөбек» Оңалту орталығының  
ғимаратын физика-математикалық  
мектеп-интернатына жалға алу»  
мемлекеттік-жекешелік әріптестік  
жобасыбойынша мемлекеттік  
міндеттемелер қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 1 тамыздағы №5 «Жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17318 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 15 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес, ««Ақбөбек» Оңалту орталығының ғимаратын физика-математикалық мектеп-интернатына жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдансын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Т.ЕСЕНҒҰЛОВ**

**Облыстық мәслихаттың  
хатшысы**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**

**«Ақбөбек» Оңалту орталығының ғимаратын физика-математикалық мектеп-интернатына жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2019-2021 жылдарға мемлекеттік міндеттемелер**

Функционалдық топ	Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдар бойынша:				
		2019жыл	2020жыл	2021 жыл		
Функционалдық топ	Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарлама әкімшісі				
		Бағдарлама				
		Атауы				
1	2	5	6	7	8	9
<b>04</b>		<b>Білім беру</b>	<b>181 630,4</b>	<b>61 112,2</b>	<b>61 112,2</b>	<b>59 406,0</b>
		Облыстың білім басқармасы	181 630,4	61 112,2	61 112,2	59 406,0
		Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	181 630,4	61 112,2	61 112,2	59 406,0
		соның ішінде:				
		«Ақбөбек» Оңалту орталығының ғимаратын физика-математикалық мектеп-интернатына жалға алу»	181 630,4	61 112,2	61 112,2	59 406,0